

Бекітемін

Қазақстан Республикасы ІІМ

М.Бөкенбаев атындағы

Ақтөбе заң институтының бастығы
полиция полковнигі

Н. Мұхаметқалиев

2024 ж. « 25 » 09

**Қазақстан Республикасы ІІМ М. Бөкенбаев атындағы
Ақтөбе заң институтының Жас ғалымдары мен мамандары кеңесінің
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ереже

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының жас ғалымдары мен мамандарының кеңесі (әрі қарай – ЖҒМК) өз жұмысын орындауда ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР «Ішкі істер органдары туралы» заңына, өзге де құқықтық актілерге сүйенеді. Кеңес өз қызметінде институт бастығының және бастықтың ғылыми жұмысы жөніндегі орынбасарының бұйрықтары мен үкімдерін, институттың жедел отырыстарында, ғылыми кеңестің қабылдаған шешімдерін басшылыққа алады.

2. ЖҒМК институт бастығының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары бекіткен жылдық жоспар негізінде жұмыс жасайды. Жылдың қорытындысы бойынша есеп дайындалып, кеңестің жалпы жиналысында баяндалады.

3. ЖҒМК институт ішінде құқықтық және жалпы ғылымның өзекті мәселелерін шешу, тиімділігін арттыру мақсатында құрылады.

4. 40 жасқа толмаған ғылыми мамандар, ізденушілер, адъюнктер, магистранттар, докторанттар және ғылыми қызметпен айналысып жүргендер жас ғалымдар мен мамандар болып танылады.

5. ЖҒМК — институт басшылығының жанындағы қоғамдық ұйым.

6. Институттағы ЖҒМК ұйымдастыру жауапкершілігі және құрылымдық бөлімшелермен қызметті негізге алу институттың ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасарына тапсырылады.

2. ЖҒжМК міндеттері

7. Институттың жас ғалымдары мен мамандарының кәсіби тұрғыда өсуі мен негізгі және қолданбалы зерттеулерге белсенді араласуына көмектесу.

8. Ғылыми кеңесте және институт басшылығында, сонымен қатар, мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдарда жас ғалымдар мен мамандардың құқығын қорғау, ұйымның өкілдік қызметін атқару. Түрлі кәсіби арнада жас ғалымдар мен мамандардың пікірін негізге алу.

9. Өзекті ғылыми мәселелерді шешуде жас ғалымдар мен мамандардың күшін жұмылдыру.

10. Арнайы жасақталған шаралар негізінде жас ғалымдар мер

мамандардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыру.

11. Жас ғалымдар мен мамандардың ғылыми-зерттеу жобаларына, ғылыми гранттарға, конкурстарға, бағдарламалар мен тағылымдамаларға қатысу нұсқаларын жетілдіру.

12. Басқа ғылыми ұйымдар және жоғарғы оқу орындарымен байланыс орнату.

3. ЖҒМК қызметінің бағыттары

13. Семинарлар және конференциялар ұйымдастыру. Сонымен қатар, ғалымдар мен мамандардың, ғылыми мектептердің атаулы ғалымдарымен кездесу мен шеберлік сағаттарын өткізу.

14. Жас ғалымдар мен мамандардың республикалық және халықаралық конференцияларға, симпозиумдарға, семинарларға, тағылымдамаларға қатынасуына қолдау көрсету.

15. Алыс-жақын шетелдердегі, Қазақстан Республикасындағы грант, қор, конференциялар, конкурстар, өзге де шаралар туралы ақпараттандыру. Қазақстан Республикасының жас ғалымдары мен мамандарының кадрын мемлекеттік қолдаулары туралы хабарлау.

16. Жас ғалымдар мен мамандарға көмек ретінде Отандық және шетелдік қорлар мен гранттық бағдарламалар туралы ақпаратты жинақтап, жүйелеу.

17. Жас ғалымдар мен мамандардың ғылыми жұмыстарын жариялауда ғылыми-әдіснамалық және ұйымдастырушылық қолдау көрсету.

18. Институттың жас ғалымдары мен мамандарының мәліметтер банкін құру.

19. Ілгерлеу мақсатында қор жинақтауға қатысу.

20. Адъюнктура, докторантура, магистратура түлектерін педагогикалық қызметке тез үйренуіне шаралар қолдану.

21. Жас ғалымдар мен мамандарға ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін оқу үдерісі мен тәжірибеде қолдануына көмек көрсету.

22. Ғылыми зерттеулердің әдісі мен әдіснамасын іздеген меңгерушілерге кеңес беру.

23. Жас ғалымдар мен мамандардың жұмыс қорытындысын жасап, оны дамытудың ұсыныстарын қарастыру.

24. Институт ҒЗК-ның жоспарын құруға қатысу.

4. ЖҒМК-нің құқықтары

25. ЖҒМК өз қызметін атқаруда төмендегідей құқықтарға ие:

- Кеңестегі жас ғалымдар мен мамандарды материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қатысты барлық сұрақтарына ұсыныстар дайындау;

- жас ғалымдар мен мамандардың мәселелеріне қатысты нормативтік актілер және құжаттарды дайындау мен сараптауға қатысу;

- жас ғалымдар мен мамандардың жетістіктеріне сай сыйақылар мен марапаттауларға ұсыныс білдіру;

- ғылыми конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға және т.б. іс-шараларға қатысу үшін үміткерлерді ұсыну;
- Институттың ғылыми кеңесінің жұмысына құзыреттілік танытып, араласуына қатысу;
- жас ғалымдар мен мамандарды және оқытушыларды аттестациялауға қатысу;
- жас ғалымдар мен мамандардың зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне талдау жасау;
- өзінің қызметіне қатысты институт басшылығына кез келген сұрақ бойынша жолығуына болады.

5. ЖҒМК-нің қызметін ұйымдастыру қағидалары

26. Институттың ЖҒМК-ға ерікті түрде қабылданады. Кеңес құрамынан төраға, төрағаның көмекшісі және хатшы сайланады. Төраға кеңестің қызметін ұйымдастырып, жас ғалымдар мен мамандардың құзыреттілігін өз мойнына алады. Кеңес төрағасы орынды себептерге байланысты болмаған жағдайда, қызметті төраға көмекшісі атқарады.

27. Институттың ЖҒМК-нің төрағасы 40 жастан аспаған, жас қызметкерлер тізімі негізінде жасырын немесе ашық түрде дауыс беру арқылы сайланады (көпшілік құрамның шешімімен). Жиналыс тізім бойынша мәжілісте жас ғалымдар мен мамандардың 3/2-сі қатысып отырса, құқықтық негізге ие. ЖҒМК төрағасының өкілеттік уақыты аяқталған жағдайда қайтадан сайлануына болады.

28. Кеңес өзінің қызметіне сай құрамы мен құрылымын жалпы отырыста жасақтайды.

29. ЖҒМК-нің төрағасы институттың Ғылыми кеңесі құрамына енеді.

30. ЖҒМК мәжілісі жылына төрт отырыстан аз болмауы керек. Талқыланған мәселе шешім ретінде қабылданып, хаттамада көрсетіледі. Хаттама мен шешімдер ЖҒМК хатшысында сақталады.

31. Кеңестің шешімі ашық дауыс беру мәжілістегі құрамның жалпы дауысы арқылы қабылданады. Қаралып отырған мәселеге байланысты дауыс тең болған жағдайда төраға шешуші дауысқа ие бола алады. Қабылдаған шешімге байланысты келіспеушілік болған жағдайда кеңес мүшелері өзінің пікірлерін білдіруге құқылы.

Институттың Ғылыми кеңесінің отырысында бекетілді,

2024 ж. «29» 09, № 2 хаттама.